Г.Ж. Шинибековаға жүктелсін.

2. 9-шы 11-ші сыныптарда қорытынды аттестаттау ережелері таныстырылып, ерекшеліктері ескерілсін. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж. Шинибековаға жүктелсін.

3. Оқу жоспарының вариативтік бөлігі талапқа сай жазылсын. Авторлық бағдарламаны талапқа сай алгоритм негізінде әзірленсін. Г.С. Акпароваға жүктелсін

4. 2021-2022 оқу жылында негізгі пәндер бойынша олимпиада өткізу жоспарын құру межелері қарастырылсын. Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Г.С. Акпароваға жүктелсін

5. Жазғы лагерь жұмысы ұйымдастырылсын. Әлеуметтік педагогтер Д.М. Сағындаеваға, А.С. Есембековаға жүктелсін

Төраға Г.Ж. Шинибеко[ва]

Хатшы Г.К. Жумабеков[а]

2021 - 2022 оқу жылының ғылыми-әдістемелік кеңестің

№ 1 хаттамасы

31 тамыз 2021 ж[ыл]

Қатысқандар - 116
Қатыспағандар - 10

Күн тәртібі

1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмысқа талдау. Мектеп әдістемелік жұмысының жоспарын, шығармашылық топтардың, әдістемелік бірлестіктердің жылдық жоспарын бекіту бірлестік апталықтарын белгілеу
2. 2021-2022 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатты талда[у] білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері
3. Күнтізбелік, қолданбалы, таңдау курстарының жоспарының ұсыну
4. Мұғалімдердің сапалық құрамы, рейтингісі, аттестациядан, курстан өту кестесі, мәліметтер база[сы]
5. Жас мамандар мектебінің жоспарын бекіту жаңадан жұмысқа қабылданған жас мамандарға тәлімгер бекіту
6. Үйде оқыту жұмыстарын ұйымдастыру
7. Пән кабинеттерінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу[і] талапқа сай жабдықталуы, санитарлық нормалардың сақталуы

Тыңдалды

1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмысқа талдау. Мект[еп] әдістемелік жұмысының жоспарын, шығармашылық топтард[ың] әдістемелік бірлестіктердің жылдық жоспарын бекіту, бірлестік апталықтарын белгілеу

Сөйледі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Төраева А.
Мектепте 9 әдістемелік кафедралар жұмыс жүргізеді. Кафедраның жұмыс жүргізу бағыттары: диагностикалық, оқу-әдістемелік, ғылыми

әдістемелік. „Үздік сынып жетекшісі" байқауын жоспарлау, „Жас мамандар мектебі" шығармашылық зертханасының жұмысын жандандыру, „Жетекші мектеп" жобасы аясында магниттік мектептермен әдістемелік оқыту жұмыстары жүзеге асырылады. „Workshop. Бірге оқимыз" жобасы аясында облыстық, аудандық деңгейде мектептің ұстаздары С. Бейсекеева, Ә. Искандирова, Г. Тайтаева, Г. Ителбаева, О. Исканова сабақ өткізді. „Зейін" жобасы бойынша 1-11 сыныптардан бағалау кесінділері алынды. „Мамандық әлемімен танысу" вариативтік курсы бойынша мамандық өкілдерімен кездесулер өтті. „Өнегелі өмір", „Оқуға құштар мектеп" жобалары жүргізілді. Облыстық 9 апталық өтті. 2021-2022 оқу жылына 9 әдістемелік кафедраның апталықтарының жоспары әзірленіп, уақыты, тақырыбы, жауапты ұстаздар белгіленді.

Қаулы етті

Әдістемелік кафедралардың жұмыс жоспары, бірлестік апталықтарының жоспарлары бекітіліп, өткізілсін.

Тыңдалды

2. 2021-2022 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатты талдау, білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Сөйледі мектеп алды даярлық сыныбының мұғалімі Бейсекеева С.А. Үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі - 20 сағат, 25-30 минуттан. Вариативтік компонент орыс тілді топтарда - 2 сағат, қазақ тілді топтарда - 3 сағат. 1-сыныптың демалыс кезеңінде демалыстар беріледі.

Сөйледі бастауыш сынып мұғалімі Есмаганбетова Р.П. „Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша „Әліппе", „Ана тілі", „Букварь", „Обучение грамоте" пәндері енгізіледі. Бағалау 2-сыныптан басталады. ІІ жартыжылдықта 1-сыныпта „Цифрлық сауаттылық" пәні енгізіледі. Сөздік диктант, диктант, көшіру, мазмұндама, шығарма жазба жұмыстары енгізіледі. 1-сыныпта - 33, 2-4 сыныптарда - 34 оқу аптасын құрайды.

Сөйледі мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі Азбаева Л.Х. „Қазақ тілі" пәні бойынша 5-8, 9-11 сыныптардың біліміндегі олқылықтарды толтыру мақсатында күрделі оқу мақсаттары кіріктіріледі. Оқу жылдамдығын тексеру қажет. 9-сыныптың „Қазақ әдебиеті" пәні бойынша К. Тәлеуұлының „Аштық" романының орнына „Тар кезең" романы енгізілген. 6-7 сыныптардың қазақ әдебиетіне „өлкетану" материалдары кіріктірілген. Мерейтойлық күнтізбелер бойынша іс-шаралар ұйымдастыру керек.

Сөйледі математика пәнінің мұғалімі Төлеуқадыр Ә.Ж. 5-6 сыныптардағы „Математика", 7-9 сыныптардағы „Алгебра", „Геометрия" 10-11 сыныптардағы „Алгебра және анализ бастамалары", „Геометрия" пәндерінен білімдегі олқылықтарды толықтыру үшін жұмыс түрлері ұйымдастырылуы керек. Диагностикалық жұмыстар 1 тоқсанда жүргізіледі. „Физика" оқу пәні бойынша практикалық бағыттылығы күшейтіледі. Бастауыш сыныптағы „Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" пәні „Цифрлық сауаттылық" болып өзгертілді. „Цифрлық сауаттылық" пәні 1-сыныпта 2022 жылдың қаңтарынан, 3-сыныпта 2021 жылдың 1 қыркүйегінен енгізіледі.

Сөйледі. география пәнінің мұғалімі Тасболат С.М. „География" оқу пәнінің 7-сыныпқа арналған „Физикалық география" бөлімінде өлкетану

PRINTED BY HATBER

...тақырып енгізілді: „Туған өлкенің флорасы мен фауна... визит карточкасы: өлкетану деректер базасы... ...шыларға арналған „Биология" оқу пәнінде оқыту ...міндеттілер, зертханалық жұмыстар, модельдеу және ...тарында айырмашылық бар. Химия, биология ...ы пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемінде өзгеріс ...ЖБ бойынша 10-11 сыныптарда „Биология" пәнінің оқу жүктем... ...ат. ТЖБ жүргізілмейді. Қорытынды баға жартыжылдыққа қойы...

Сөйледі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нуржайдарова ...

По окончании 4-го класса обучающиеся должны владеть языком на уровне А2 согласно CEFR. По окончании основной средней школы обучающиеся свободно должны владеть языком на уровне В2 соглас... CEFR. Восполнение пробелов знаний должно происходить по усилению практической работы. Рекомендуется написание диктанта, посвященного 180-летию Ы. Алтынсарина. Объем учебной нагрузки СОР, СОЧ по классам указаны в методическом письме.

Сөйледі шетел тілі кафедрасының жетекшісі Хуат А. „Шетел... оқу пәні 4 дағдыға негізделген. БЖБ үшін жоғары балл 2-4 сыныптарда кемінде 7-15 балдан артық болмауы керек. Пән бойынша білімдегі олқылықтарды толықтыру 6 кезеңге жоспарланады. Әр тоқсанда 3 тақырыпты қосуды жоспарлаймыз.

Сөйледі қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының мең... Игембаев Р.К. 7-9 сыныптарда „Қазақстан тарихы" пәнінің жүктемесі 1 сағатты құрайды. ТЖБ өткізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады. 5-7 сыныптарда „Қазақстан тари... пәнінің мазмұнына „Өлкетану" материалдары біріктіріледі. Дүниежүзі тарихы бойынша 5-9 сыныптарда БЖБ жүргізіледі, жартыжылдыққа баға қойылады. ТЖБ жүргізілмейді.

Қаулы етті

1. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау мақсатында негізгі пәндерден кесінділер алынсын.
2. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Күнделікті сабақ жоспарына пәндер бойынша өткен оқу жылының материалдары жаңа оқу жылының барлық кезеңіне бөлінсін.

Тыңдалды

3. Қолданбалы таңдау курстарының жоспарларын бекі...

Сөйледі директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбо... Акпарова Г.С. Мектептің оқу үдерісінің вариативті бөлімін іске асыру мақсатында мұғалімдер оқушылардың сұранысына, қызығушылығына негіздеме отырып, озық және жаңа оқыту технологияларының ерекшеліктерін ескере отырып, пәндер бо... және таңдау курстары жазылды. Вариативті сағаттар е... 1-4 сыныптарда 3 бағдарлама, 5-9 сыныптарда 30 бағдарл... 10-11 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 11 бағдарлама, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10-11 сыныптарда 15 бағдарлама дайында... Мектепалды даярлық қазақ тілді сыныпта вариативтік компоненттен 3 сағат, орыс тілді сыныптарда 2 сағат бағдарлама әзірлену керек.

Қаулы етті

Мектеп-лицейдің лицейлік компонентін қалпту, оқушылар...

оқу, ақпараттық, қаржылық, ғылыми-жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту мақсатында элективті курстардың бағдарламалары ережеге сай бекітілсін.

Тыңдалды

4. Мұғалімдердің сапалық құрамы, рейтингісі, аттестациядан курстан өту кестесі, мәліметтер базасы

Сөйледі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мельник Д.В. 2020-2021 оқу жылында педагог-сарапшы біліктілік санатына өткен мұғалімдер: Есмағанбетова Р.Т., Жуманова С.К., Мельник Д.В. Сербаева А.Б., Сазонова Л.А., Сулейменова Б.К., Жуат А., Шопанова Ж.О. Педагог-модератор біліктілік санатына өткен мұғалімдер: Батыкова К.Е., Жумабекова Г.К., Муханова А.А., Тлеукен Г.С., Шенгелбаев А.М. Мұғалімдердің сапалық құрамы жоғары 8%, педагог-зерттеуші 6%, бірінші санатты - 9%, педагог-сарапшы 17%, екінші санатты - 13%, педагог-модератор 14%, санаты жоқ - 33%. 2021-2022 оқу жылына өтінім берілген педагогтер: педагог-зерттеуші - 14, педагог-сарапшы - 10, педагог-модератор - 6. 2021-2022 оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін мұғалімдер тізімі белгіленді.

Қаулы етті

1. Кестеге сәйкес педагогтер курстан өтуге мерзімі келген педагогтер сұраныс арқылы курстарға жіберілсін.
2. Аттестациядан өтетін педагогтер тестілеуге дайындық жұмыстарын және портфолиоларын дайындасын.

Тыңдалды:

5. Жас мамандар мектебінің жоспарын бекіту, жаңадан жұмысқа қабылданған жас мамандарға тәлімгер бекіту.

Сөйледі мектеп директорының міндетін атқарушы Тусупова Г.А. Мектебімізде 11 жас мамандар бар. Олар: Алмагелді Ұ.А., Алексеева В.Ю., Амир Р.А., Бексултан Э.Б., Ерлан М., Ердесова А.С., Жәкен Н., Нокин А.Н., Тлеукен Г.С., Төлеген Т.Т., Шенгелбаев А.М. Жас маман Шенгелбаев А.М. дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Махмутов Ж.Д. тәлімгер болып тағайындалды. Жас мамандар мектебінің жетекшісі болып орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нуржайдарова Г.А. бекітілді.

Қаулы етті

Жас мамандар жұмысы жандандырылсын.

Тыңдалды:

6. Үйде оқыту жұмыстарын ұйымдастыру

Сөйледі инклюзивті білім беру бойынша үйлестіруші Алиманова А.Р. Үйде оқыту типтік бағдарлама негізінде жүзеге асады. Үйде оқыту бойынша құжаттар: пән бойынша оқу бағдарламасы, КТЖ, ҚМЖ, сабақ кестесі, білім алушыны бақылау күнделігі, атқарылған жұмыстар туралы есеп, ағымдағы оқу жылы бойынша мінездеме. 5 оқушы үйде оқытылады. Мектеп әр балаға ата-анамен, мұғалімдермен бірлесіп жеке сабақ кестесін құрастырады.

Қаулы етті

1. Үйден оқыту бойынша пән мұғалімдері арнайы бағдарлама әзірлесін.
2. Сынып жетекшілер сабақ кестесін әзірлеп, ата-анаға бір данасын ұсынсын.

Тыңдалды

7. Пән кабинеттерінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, талапқа сай жабдықталуы, санитарлық нормалардың сақталуы.

PRINTED BY HATBER

Сөйледі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Торгаева А.К.
Мектептің 39 оқу кабинетіне ақы төленеді. Кабинет паспортын
қайта қарап, тапсыру керек. Әр кабинеттің мүлкіне дұрыс
қарау керек. Әр кабинет оқу-әдістемелік қамтамасыз етіліп,
талапқа сай жабдықталып, санитарлық нормалар қатаң
сақталуы қажет. Әр қабатта мұғалімдер кезекшілікке тұрады.
Қаулы етті
Кабинет талқұжаттары ретке келтіріліп,
тапсырылсын.

Ғылыми-әдістемелік кеңестің шешімі

1. Әдістемелік кафедралардың жұмыс жоспары, бірлестік
апталықтарының жұмыс жоспарлары бекітіліп,
өткізілсін. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
А.К. Торгаеваға жүктелсін.
2. 1. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау
мақсатында негізгі пәндерден кесінділер алынсын.
2. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын
толықтыру жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Күнделікті сабақ жоспарына пәндер бойынша өткен оқу
жылының материалдары жаңа оқу жылының барлық
кезеңіне байлансын. А.К. Торгаеваға жүктелсін.
3. Мектеп-музейдің музей компонентін қамту, оқушылардың
оқу, ақпараттық, қаржылық, ғылыми-жаратылыстану
сауаттылықтарын дамыту мақсатында элективті
курстардың бағдарламалары ережеге сай бекітілсін.
Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары
Т.С. Акпароваға жүктелсін.
4. 1. Кестеге сәйкес курстан өтуге мерзімі келген педагогтер
сұраныс арқылы курстарға жіберілсін.
2. Аттестаттаудан өтетін педагогтер тестілеуге
дайындық жұмыстарын және портфолиоларын дайындау
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.В. Мельникке
жүктелсін.
5. Жас мамандар жұмысы жандандырылсын. Орыс тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.А. Нұржайдароваға жүктелсін.
6. 1. Үйден оқыту бойынша пән мұғалімдері арнайы
бағдарламаға әзірлесін.
2. Сынып жетекшілері сабақ кестесін әзірлеп, ата-анаға
бір данасын ұсынсын. Инклюзивті білім беру бойынша
үйлестіруші А.Р. Алимановаға жүктелсін.
7. Кабинет талқұжаттары ретке келтіріліп, тапсырылсын.
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.В. Мельникке
жүктелсін.

Төраға [signature] А.К. Торгаева
Хатшы [signature] Г.Н. Жұмабекова

2021-2022 оқу жылының ғылыми-әдістемелік
кеңестің
№2 хаттамасы
3 қараша 2021
Қатысқандар – 119
Қатыспағандар – 7

Күн тәртібі
1. Мектеп ұжымымен тренинг
2. Орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесі. 2021 ж. 16.09. №472 (2020 ж. 06.04. №130)
3. Білім сапасы педагогтің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты
4. Мектепте кәмелетке толмағандар арасында суицидалды мінез-құлықтың алдын алу
5. Оқушыларды олимпиадаға дайындау әдістемесі

Тыңдалды
1. Мектеп ұжымымен тренинг
Сөйледі мектеп психологі Бимаканова К.С. „Сізге
уйзеліспен күресудің жолын үйрену керек пе?" психологиялық тест
қылы мұғалімдер арасында күйзеліс деңгейін анықтау үшін
ест жүргізілді. „Ойды жалғастыр", „Эмоция мен көңіл-күйге
азар аудару" жаттығулары арқылы мұғалімдердің тұлғалық,
әсіби деңгейіне, күнделікті көңіл-күйін, эмоциясын бақылауға
азар аударылады.
Тыңдалды
2. Орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесі. 2021 ж. 16.09 №472
(2020 ж. 06.04. №130)
Сөйледі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Торғаева А.К.
ілім және ғылым министрінің 16.09.2021 ж. №472 бұйрығына
әйкес құжаттарды педагогтер қағаз немесе электронды форматта
алтырады. Барлық оқу пәндерінің педагогтері күнделікті сабақ
естесіне сәйкес барлық сыныптарда сынып журналын, факультативтік
абақтар, үйде оқыту журналын, қысқа мерзімді сабақ жоспарын
үргізеді. Оқу жылы басталғанға дейін 1 рет пәндер бойынша орта
ерзімді жоспарды, тәлімгерлік жоспарын әзірлейді. Тоқсандық
орытындысы бойынша БЖБ, ТЖБ нәтижелерін талдауды
үргізеді. Оқу жылының қорытындысы бойынша 9(10), 11(12) сынып
ілім алушыларын қорытынды аттестаттау хаттамаларын
үргізеді. Сынып жетекші жұмыс жоспарын әзірлейді, іске асырады.
ілім алушылардың жеке іс қағазын, үлгерім табелін жүргізеді.
„Педагог мәртебесі туралы" ҚР 2019 жылғы 27 желтоқсандағы
293-VI Заңының 7-бабы, 1-тармағы, 1-тармақшасына сәйкес
едагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде „Қазақстан
еспубликасының білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік
алпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" ҚР
ілім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604
ұйрығымен бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік
алпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде
әсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын
еркін таңдауға құқығы бар.
Қаулы етті
Педагогтер жүргізуі үшін міндетті құжаттарды қағаз немесе электронды форматта уақытылы толтырсын.
Тыңдалды
3. Білім сапасы педагогтің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты

2

Сөйледі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мельник Э.
„Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" ҚР Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы №202 бұйрығына сәйкес педагогтерді аттестаттау жүзеге асырылады. Жалпы орта білім беру педагогтері үшін: „Педагогика, оқыту әдістемесі" – 30 тапсырма „Оқу пәнінің мазмұны" – 70 тапсырма. Максималды балл – 110 балл. Аттестаттаудан өту үшін тізім бойынша тиісті құжаттар жинау керек. Тестілеу бір рет өткізіледі. Күнтізбелік уақытта ақылы түрде қайтадан отуға болады.

Қаулы етті

Тестілеуден өтетін педагогтер тестілеу барысында барлық талаптарды қатаң сақтасын және тестілеуден өткен соң портфолиоларын талапқа сай әзірлесін.

Тыңдалды

4. Мектепке кәмелетке толмағандар арасында суицидалды мінез-құлықтың алдын алу

Сөйледі мектеп психологы Бимакашева К.С. „Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандар арасындағы суицид превенциясы бойынша жобаны кезеңмен енгізу" бағдарламасын Қазақстанның әр аймағында жүзеге асыру ҚР Білім және ғылым министрінің 2.03.2015 ж. №95, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму 27.02.2015 ж. №102, ҚР Ішкі істер министрлігінің 11.03.2015 ж. №201 бірлескен бұйрығында қол қойылған. Статистикалық талдау негізінде 14-24 жас аралығында адамдарда 30% суицидтік ойлар болады. Жасөспірімдердің 80% суицид жасау таңдауы мүмкін. Ал 90% жағдайда өздеріне назар аударту. Тәуекел тобындағы оқушыларды анықтап, дұрыс баға беруіміз керек.

Қаулы етті

Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері кәмелетке толмағандар арасында суицидалды мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын жүзеге асырсын

Тыңдалды

5. Оқушыларды олимпиадаға дайындау әдістемесі

Сөйледі директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Акпарова Г.С. Оқушылардың олимпиадаға дайындық жүйесі пән бойынша базалық мектепішілік дайындық; қосымша сабақ жүйесі бойынша дайындық; өзіндік дайындық; пәнаралық байланыс олимпиадаға дайындық 6 кезеңнен тұрады. Олимпиадаға дайындық кезеңі жүйелі болуы керек және оқу жылының басынан басталуы.

Сөйледі математика пәнінің мұғалімі Төлеубаева А. Оқушыларға олимпиадалық есептерді қосу жағдары! сабақта

...абақ барысында; вариатив сабақтарында. Сабақ барысында ...ысалы „Натурал сандардың бөлінгіштігі" тақырыбы бойынша ...бақ мақсатына сәйкес орындалады.

Сөйледі химия пәнінің мұғалімі Исина С.Т. Химия пәнінен олимпиада өткізерде ескеру керек: пәнді оқушының өз еркімен таңдауы; ата-аналардың келісімі және қолдауы; оқушының математикалық және оқу сауаттылығы; жүйелі, үздіксіз дайындық. Пән бойынша олимпиадаға дайындық жоспарын, жұмыс кестесін бекіту керек. Олимпиадаға дайындық материалдарын үнемі толықтыру керек. Тапсырмаларды әр деңгейге сәйкес әзірлеу қажет.

Сөйледі биология пәнінің мұғалімі Жадет Б. Пән бойынша мектеп бағдарламасы шеңберінде сұрақтар мен тапсырмалар әзірленуі керек. Шығармашылық, олимпиадалық үй тапсырмаларын беру әр түрлі формадағы тапсырмаларды орындату, АКТ қолдану керек.

Сөйледі география пәнінің мұғалімі Тасболас С.И. 6-11 сыныптар аралығындағы география курсын қайталау. Тест арқылы бақылау жүргізу, талдау жасау, өзін-өзі тексеру немесе ...атемен жұмыстарды жүзеге асыру қажет. Оқушылар алған теориялық білімдерін жүйелі түрде қолдана білуі керек.

Сөйледі информатика пәнінің мұғалімі Қапымбекова Д.М. Пән бойынша олимпиадаға дайындау жұмыстарын мына кезеңдерге бөлуге болады: 1-кезеңде тест жұмысы арқылы қабілеті бар оқушыларды іріктеу, сұхбат өткізу. 2-кезеңде түрлі логикалық тапсырмалар, есептер арқылы қабілетін арттыру. Дербес компьютер арқы бағдарламаларды құра білуі керек.

Сөйледі физика пәнінің мұғалімі Жекебай А. Пән бойынша олимпиадаға дайындауға қойылатын талаптар: физикалық заңдардың қолданылу шегі болатынын түсіну; берілген тақырыптар бойынша есептер шығара білуге үйрету. Физика есептерін шешудің негізгі үш деңгейі бар: 1-деңгей жеке физика заңдарын пайдалану. 2-деңгей жалпы іргелі физикалық заңдар; ...-кезең: әдістемелік құжаттарды қолдану.

Қаулы етті

Пән мұғалімдері білім алушыларды олимпиадаға дайындау әдістемелерін тиімді пайдалана отырып, жұмысты жандандырсын

## Ғылыми-әдістемелік кеңестің шешімі

1. Педагогтер жүргізуі үшін міндетті құжаттарды қағаз немесе электронды форматта уақтылы толтырсын. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.К. Торгаеваға жүктелсін.
2. Тестілеуден өтетін педагогтер тестілеу барысында барлық талаптарды қатаң сақтасын және тестілеуден өткен соң портфолиоларын талапқа сай әзірлесін. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Д.В. Мельникке жүктелсін
3. Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері пән мұғалімдері кәмелетке толмағандар арасында суицидалды мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын жүзеге асырсын. Мектеп психологі К.С. Жумакашеваға жүктелсін.

PRINTED BY HATBER

4. Пән мұғалімдері білім алушыларды олимпиадаға дайындау әдістемелерін тиімді пайдалана отырып, жұмысты жандандырсын. Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Г.С. Акпароваға жүктелсін.

Төраға [signature] А.К. Торгаева

Хатшы [signature] Г.К. Жумабекова

2021-2022 оқу жылындағы Ғылыми-
әдістемелік кеңестің №3 хаттамасы

6 қаңтар 2022 жыл

Қатысқандар: 116
Қатыспағандар: 10
Күн тәртібі
1. Лицей сыныптары мен базалық сыныптардың білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші
2. БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын дайындау
3. Сабақты зерттеудің (Lesson Study) тәсілдерін пайдаланудың оқыту үдерісіне әсері
4. Педагогтердің жазған көмекші құрал, авторлық бағдарламаларын әдістемелік кеңесте қарап, бекіту
5. „Зейін" „PISA" ББЖМ бойынша тапсырмалар дайындау
6. Әр түрлі сұрақтар.

Тыңдалды
1. Лицей сыныптары мен базалық сыныптардың білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші
Сөйледі: директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Акпарова Г.С. 5-сыныптар бойынша білім сапасының көрсеткіші: 5„А"-70%. 5„Б"-44%, 5„В"-47, 5„Г"-63%. 5„Д"-56%. 5-сыныптардың жаратылыстану, математика пәндері бойынша білім сапасының көрсеткіші салыстырылды. 6-сыныптар бойынша білім сапасының көрсеткіші: 6„А"-76%, 6„Б"-65% 6„В"-46%, 6„Г"-65%. 6„Д"-50%. 6„Е"-50%. 6-сыныптардың жаратылыстану, математика пәндері бойынша білім сапасының көрсеткіші салыстырылды. 7-сыныптар бойынша білім сапасы: 7„А"-65%, 7„Б"-21%, 7„В"-29%, 7„Г"-29%. 7„Д"-44%.
8-сыныптар бойынша білім сапасы: 8„А"-50%, 8„Б"-29%, 8„В"-17%, 8„Г"-16%, 8„Д"-29%. 9-сыныптар бойынша білім сапасы: 9„А"-57%, 9„Б"-37%, 9„В"-43%, 9„Г"-18%, 9„Д"-39%. 7-11 сыныптар бойынша алгебра, биология, география, геометрия, физика, химия пәндерінің білім сапасы салыстырылды. 5-11 сыныптардың математикадан тоқсандық бағасы мен кесінді нәтижелері салыстырылды.
Лицей статусының бағандықтан, лицей сыныптарында білім сапасы 90% жоғары болуы керек. Лицей сыныптарына „5" оқитын білім алушыларды іріктеуді ұсынамыз.
Сөйледі: математика пәнінің мұғалімі Сартаева Г.К. Лицей сыныптарына үздік оқитын білім алушыларды іріктеуге келісемін. Білімдерін тереңдетуге мүмкіндік болады.
Сөйледі: ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, 8„В" сыныбының жетекшісі Жукенова Г.С. Келіспеймін. Сыныбымнан жақсы оқитын оқушыларды ауыстырса, сапа мүлдем төмендейді.
Сөйледі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Азбаева Л.Х. Сол лицей сыныптарындағы үлгерімі төмен оқушыларға қосымша тапсырмалар беріп, білімдерін көтеру керек.
Сөйледі: тарих пәнінің мұғалімі Жасенова Т.М. Үлгерімі төмен оқушыларға қосымша тапсырма беріп, білімдерін көтеру керек.
Сөйледі: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қасым Б. Сыныпта пән мұғалімдері ауыспаған жөн. Пән мұғалімінің ауысуы білім сапасына әсер етеді деп санаймын.

Сөйледі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Тогжаева Г.Б. Білім алушының білім сапасы мұғалімге де байланысты. Қауып етті

Мүлгі сыныптарында отырған резервтегі білім алушылармен пән мұғалімдері жеке жоспар бойынша білім сапасын арттыру жұмыстарын жүргізсін.

Тыңдалды

2. БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын дайындау

Сөйледі: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мельник Д.В. „Орта, техникалық және кәсіптік, орта біліммен кейінгі" білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 3-тарауының 12-пунктіне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін бағалау ФБ және ЖБ арқылы жүзеге асады 13-пунктіне сәйкес формативтік бағалау 10 балдық жүйемен бағаланады. БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық болмауы керек. БЖБ тоқсанына үш реттен артық болмайды. Бір күнде 3-тен артық ТЖБ өткізілмейді. ФБ және БЖБ тапсырмаларын педагог өзі дайындайды. Тоқсандық баға өзгертілмейді. Модерация мен ТЖБ қайталу аралығы 3 жұмыс күннен артық болмайды.

Сөйледі: физика пәнінің мұғалімі Жекебай А. Физика оқулығында тоқсанында кейбір сыныптарда 3 БЖБ-дан артық тұр. Дұрыс па?

Сөйледі: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Торгаева А.К. №125 бұйрыққа сәйкес 3-тен артық БЖБ болмауы керек. Сабаққа қатысу барысында ФБ дұрыс жүргізілмейтіні, дескриптор мен критерийлер дұрыс қойылмайтыны анықталды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары дұрыс әзірленбейді. Модерация әр тоқсан сайын өтуі керек. Егер білім алушы БЖБ, ТЖБ жұмысынан „3" алып қалса, тоқсан бойы талпынып, ынтамен жұмыс жасаса, ескеріп бағасын көтеруге болады.

Сөйледі: ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жукенова Г.С. БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын құрастырғанда 4 дәзды ескереміз. Жалпыға міндетті білім стандартына, әдістемелік нұсқау хатқа, оқу бағдарламасы (ҮОЖ) сүйенеміз. БЖБ 7-15 балл аралығы. ТЖБ мақсат пен балдан басқаны өзгертуге болады.

Сөйледі: тарих пәнінің мұғалімі Жасенова Т.М. Әр параллель сыныптар бойынша тапсырманы бірдей құрасыздар ма?

Сөйледі: Жукенова Г.С. мақсаттан ауытқымай, жеңілдетіп немесе күрделендіріп құралық.

Сөйледі: бастауыш сынып мұғалімі Смаилова Ж.А. БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу 6 кезеңде орындалады: 1) ҮОЖ талдау; 2) бағалау критерийлерін құрастыру; 3) бағалау критерийлерін сәйкестендіру; 4) тапсырмаларды әзірлеу; 5) дескриптор құрастыру. 3-сыныптың математика пәні бойынша БЖБ, ТЖБ құру үлгісі ұсынылды. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға жеңіл тапсырмалар береді.

Сөйледі: физика пәнінің мұғалімі Ахметова Г.А. Пән бойынша БЖБ 7-15 ұпай аралығында, ТЖБ ұпайы -30 БЖБ тапсырмаларын әзірлеу кезінде өткен бөлімдегі барлық

материалдар қамтылуы керек. БЖБ, ТЖБ 2 нұсқада әзірлейміз. Физика пәнінен орыс тілінде оқытылатын 8-сыныптың БЖБ, ТЖБ тапсырмалары ұсынылды.
Сөйледі: физика пәнінің мұғалімі Жекебай А. БЖБ, ТЖБ мақсаттарының саны шектеулі ме!
Сөйледі: математика пәнінің мұғалімі Сартаева Т.К. Шектеулі емес. БЖБ өзгертуге болады. ТЖБ өткізу спецификасына сай өткізу керек. Өзгертуге болатын, болмайтын графа болады. Соған назар аударыңыздар!
Сөйледі: математика пәнінің мұғалімі Гремякова Л.Н. Рекомендации при разработке СОР и СОЧ: 1) язык формулировки утверждений или вопросов должен быть понятным для учащихся; 2) используйте небольшое количество слов; 3) Инструкции должны быть простыми, точными и лаконичными 4) Задание должно отражать важную и необходимую информацию.
Сөйледі: бастауыш сынып мұғалімі Каракенилова А.Б. СОР „Обозначение множества и его элемента." Цель обучения: Моделировать и решать задачи в два действия. Критерий оценивания: Моделируют и решают задачу в два действия; Составляет и обозначает множество заданных элементов.
Сөйледі: тарих пәнінің мұғалімі Хасенова П.М. Ерекше білімді қажет ететін білім алушыларға мүмкіндіктерін ескере отырып шекті балды ТЖБ азайту керек деп санаймын.
Сөйледі: орыс тілі пәнінің мұғалімі Нуржайдарова Г.А. - Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға оқу мақсаттары ауыр. Тапсырманы жеңілдетсек те, кейбір оқушылар тек қана мәтінді көшіріп бере алады.
Сөйледі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Пылтаева Г.Б. Шекті балды төмендетуге келісемін. Мен сабақ беретін ерекше білімді қажет ететін оқушылар мәтінді көшіреді, ауызша жаттап келеді.
Сөйледі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Азбаева Л.Х. Мақсатты өзгертпей, тапсырманы жеңілдетіп беру керек.
Сөйледі: ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жуат А. Ерекше білімді қажет ететін білім алушылар тек сөзді жаттап келеді, қатемен айтады.
Сөйледі: инклюзивті білім беру маманы Батықова К.Е. 5 „Б" сыныбында 2 білім алушы арнайы бағдарламамен оқиды. Әзірбереген Самал бағаланады. Бұл бала 4 сыныпта анықталды.
Сөйледі: директордың міндетін атқарушы Тусупова Г.А. Бұл мәселелерді арнайы мамандардан сұрап, қарастырамыз.

Қаулы етті

1. Формативті бағалау күнделікті сабақта өз мәнінде жүзеге асырылсын
2. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары әр сыныптың оқу деңгейіне қарай жасалсын
3. Шекті балдар азайтпай, тапсырма саны азайтылсын
4. Бір мақсатпен, үнемі мұғалім көмегімен, шеберлігімен тапсырмалар жеңіл, көрнекі, ықшам жасалсын.

Тыңдалды

3. Сабақты зерттеудің (Lesson Study) тәсілдерін пайдаланудың оқыту үдерісіне әсері
Сөйледі: орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Солдатенкова И.В. Урок - исследование является длительным процессом, который проводится командой учителей. Направлен на положительную

динамику, изменение и улучшение уроков. Это командная работа заинтересованных людей проводит исследование на протяжении 3-х циклов уроков. Весь процесс протоколируется в целях публикации и распространения накопленного опыта.
Қаулы етті
Білім сапасын арттыру мақсатында сабақты зерттеудің Lesson Study тәсілдерін жүзеге асырып жатқан топтар өз жұмыстарын жалғастырсын.
Тыңдалды
4. Педагогтердің жазған көмекші құрал, авторлық бағдарламаларын әдістемелік кеңесте қарап, бекіту
Сөйледі: директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Акпарова Г.С. Авторлық бағдарлама алгоритмге, талапқа сай жазылуы керек. Авторлық бағдарлама жазу алгоритмі барлық мұғалімдерге беріледі. Авторлық бағдарламалар мектепте бекітіліп, ауданға жолданады. 3 рецензия жазуға болады. Көмекші құралдар, авторлық бағдарламалар әдістемелік кеңесте қаралады.
Сөйледі: бастауыш сынып мұғалімдері Торгаева А.К. Жуманова С.К. „Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын арттыру" авторлық бағдарламасы. Бағдарлама 4-сыныптарға арналған. Тапсырмалардың барлығы оқу сауаттылығына бағытталған. Жұмыс дәптері, әдістемелік құралы бар. Рецензия жазылған.
Сөйледі: физика пәнінің мұғалімі Жекебай А. Жалпы, бағдарлама жақсы жазылған. Ұсыныс: екі пәнді жеке бөліп жазсаңыздар дұрыс болар еді.
Сөйледі: бастауыш сынып мұғалімі Каракекилова А.Б. Програмама курса „Чистописание". Авторы Каракекилова А.Б. Сойко В.Ц. Цель - привить учащимся навык каллиграфического письма всех строчных, прописных букв с твердым усвоением правильного строения и способа их начертания. Соблюдены алгоритмы авторских програм.
Сөйледі: директордың міндетін атқарушы Тусупова Г.А. Мақсат, міндеттер мектепте оқыту бағдарламасының стандартынан тыс болуы керек. Мақсат, міндеттерін қайта қарап шығыңыздар.
Сөйледі: алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Женісов Н.Ж. „Садақ ату" авторлық бағдарламасы. Садақ ату ойынын меңгерте отырып, баланы жан-жақты дамыту. Жұмыс дәптері, жетістіктер бар. Рецензия жазылды. Білім алушылардың қызығушылықтары жоғары.
Сөйледі: физика пәнінің мұғалімі Шинибекова Г.Ж. Мақсаты ұзақ, өзгерістер енгізіп, ықшамдау керек.
